

ӘӨЖ 06.35.51  
ГРНТИ 03.20

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5461.04>

А.А. Тапалова<sup>1\*</sup>, А.М. Балыкова<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің докторанты, Алматы қ., Қазақстан

E-mail: [kaz-bo@mail.ru](mailto:kaz-bo@mail.ru)

<sup>2</sup> т.ғ.к., БҚИТУ доценті, Орал қ., Қазақстан

E-mail: [wketu@mail.ru](mailto:wketu@mail.ru)

## БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН СОҒЫС ЖАҒДАЙЫНА БЕЙІМДЕП ҚАЙТА ҚҰРУДАҒЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ РӨЛІ

*Аңдатпа*

Зерттеу жұмысының мақсаты – Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Батыс Қазақстан облысында жергілікті шаруашылықты қайта құруда әйелдердің еңбегі мен ролін тарихи тұрғыдан зерттеу болып табылады. КСРО-ның соғыстағы негізгі тыл аймағы Қазақстан болды. Еліміздің әр облысында соғысқа қажетті материалмен жабдықтаушы орталықтар қалыптасты. Оның ішінде белсенді аймақтардың бірі Батыс Қазақстан облысы болып, онда әйелдердің еңбегі негізгі жұмыс күші саналды. Жалпы, соғыс тылында әйелдер еңбегінің орны ерекше болды.

Зерттеу жұмысының міндеттері халық шаруашылығы мен экономиканы соғыс жағдайына бейімдеп қайта құруда әйелдердің қызметіне жан-жақты талдау жасау мақаланың негізгі ғылыми міндеті болып табылады. Екінші дүниежүзілік соғыста планетаның тұрғындары үлкен рухани-физикалық ерліктер мен қабілет көрсетті. Соғыс КСРО-ның әлеуметтік-экономикалық өміріне ерекше ықпал етті, тіпті Кеңес мемлекетінің соғысқа дайын емес екенін көрсетіп берді. Соғысқа бейім экономиканы көтеру майданмен қатар жүрді.

Зерттеу жұмысының өзектілігі соғыс жағдайындағы әйелдер еңбегінің қоғамдық үлесі мен дәрежесінің айтарлықтай маңызға ие болғандығымен түсіндіріледі.

Зерттеудің нәтижесі Батыс Қазақстан әйелдерінің тыл жұмыстарындағы қайраты мен жігерінің өлшемдерін анықтайтын архивтік деректер мен зерттеу жинақтарының ғылыми айналымға алғаш рет енгізілуімен айқындалады.

**Кілт сөздер.** Ұлы Отан соғысы, Батыс Қазақстан, Халық шаруашылығы, Әйел еңбегі, Әйелдердің қызметі.

Тапалова А.А.<sup>1\*</sup>, Балыкова А.<sup>2</sup>М.

<sup>1</sup> Докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая,

г. Алматы, Казахстан

E-mail: [kaz-bo@mail.ru](mailto:kaz-bo@mail.ru)

<sup>2</sup> к.и.н., доцент ЗКИТУ, Уральск, Казахстан

E-mail: [wketu@mail.ru](mailto:wketu@mail.ru)

## РОЛЬ ЖЕНЩИН В АДАПТАЦИИ И ПРЕОБРАЗОВАНИИ НАРОДНОГО ХОЗЯЙСТВА ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ К УСЛОВИЯМ ВОЙНЫ

*Аннотация*

Целью исследовательской работы является историческое изучение труда и роли женщин в преобразовании местного хозяйства в Западно-Казахстанской области в годы Великой Отечественной войны. Основным тыловым регионом СССР в войне был Казахстан. В каждой области страны были сформированы центры снабжения необходимым для войны материалом. В этом одним из активных регионов стала Западно-Казахстанская область, где основной рабочей силой считался труд женщин. В целом, в тылу войны особое место занимал женский труд.

Основной научной задачей статьи является всесторонний анализ деятельности женщин в адаптации и преобразовании народного хозяйства и экономики к условиям войны. Во время Второй мировой войны жители планеты проявили большие духовно-физические подвиги и способности. Война оказала особое

влияние на социально-экономическую жизнь СССР и даже показала, что Советское государство не готово к войне. Подъем экономики, адаптированной к войне, сопровождался фронтом.

Актуальность исследовательской работы объясняется тем, что вклад и степень общественного труда женщин, в состоянии войны, имели огромное значение.

Результатом исследования является введение в научный оборот архивных данных и исследовательских сборников, определяющих уровень упорства и воли женщин Западного Казахстана в тыловых трудах.

**Ключевые слова.** Великая Отечественная Война, Западный Казахстан, народное хозяйство, женский труд, роль женщин.

A.A. Tapalova<sup>1\*</sup>, A.M. Balykova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Doctoral student of Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: [kaz-bo@mail.ru](mailto:kaz-bo@mail.ru)

<sup>2</sup>PhD, associate professor, West Kazakhstan University of Innovation and Technology, Uralsk, Kazakhstan

E-mail: [wketu@mail.ru](mailto:wketu@mail.ru)

## THE ROLE OF WOMEN IN THE ADAPTATION AND TRANSFORMATION OF THE NATIONAL ECONOMY OF THE WEST KAZAKHSTAN REGION TO THE CONDITIONS OF WAR

### Abstract

The purpose of the research work is the historical study of labor and the role of women in the transformation of local economy in the West Kazakhstan region during the Great Patriotic War. The main rear region of the USSR in the war was Kazakhstan. In each region of the country, supply centers were formed with the material necessary for the war. In this regard, one of the active regions was the West Kazakhstan region, where women's labor was considered the main labor force. In general, women's labor occupied a special place in the rear of the war.

The main scientific objective of the article is a comprehensive analysis of the activities of women in the adaptation and transformation of the national economy and economy to the conditions of war. During the Second World War, the inhabitants of the planet showed great spiritual and physical feats and abilities. The war had a special impact on the socio-economic life of the USSR and even showed that the Soviet state was not ready for war. The rise of the economy adapted to the war was accompanied by the front.

The relevance of the research work is explained by the fact that the contribution and degree of social work of women, in a state of war, were of great importance.

The result of the study is the introduction into scientific circulation of archival data and research collections that determine the level of perseverance and will of women of Western Kazakhstan in the rear works.

**Keywords.** The Great Patriotic War, Western Kazakhstan, national economy, women's labor, the role of women.

**Кіріспе.** Батыс Қазақстан өңірі Сталинград майданының ұрыс алаңдарына жақын болғандықтан, соғыстың қауіп-қатері мен зардаптарына дайын тұрды. Мұны өңір тұрғындары айқын ұғынды. Тіпті, соғыстың кейбір кезеңдерінде немістің бомбалаушы ұшақтарының Батыс Қазақстан аумағына еніп, елдімекендерді бомбалағандығын тарихтан жақсы білеміз. Аталған тарихи кезеңдегі аймақтың тұрғындарының күнделікті өмірінің аспектілерін зерттеу, соғыстың әлеуметтік-шаруашылық салалардағы сипатының қырларын жан-жақты ашатындығы сөзсіз. Осы тұрғыда тылдағы халықтың тұрмыстық қиыншылықтары, жұкпалы аурулардың таралуы, мобилизациядан қашу немесе жалтару оқиғалары мен себептері, аштыққа ұшырау, наразылық, медициналық көмектің жетіспеуі, еңбек армиясына жегілу құбылыстары бүгінгі күндерге дейін зерделенбегендігін пайымдаймыз. Жоғарыда айтылған мәселелердің ішіндегі өзекті тақырыптардың бірі ол тыл жұмыстарындағы әйелдердің еңбегі мен рөлінің төмен зерттеліндігі болып табылады. Кеңестік тарихнамада негізінен майдан даласындағы солдаттардың ерлігі мен әрекеттеріне басым мән беріліп, тылдағы жұмысшылардың жанқиярлық ерліктеріне тиісті бағасы берілмеді. Оның ішінде әйел затының да қосқан үлесі мен шеккен азаптарын атауға болады.

Осыған байланысты Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі Батыс Қазақстан әйелдерінің еңбегі мен олардың өнеркәсіп пен шаруашылық салаларындағы қосқан үлесінің дәрежесін жіті айқындап, шынайы ғылыми көзқарас таныту бүгінгі отандық тарихтағы өзекті сұрақтарға жатады. Бұл зерттеу жұмысының негізгі мақсаттарының бірі аталған бағыттағы зерттелген ғылыми еңбектер мен архив құжаттарын талдау негізінде белгілі бір айшықты тұжырымға қол жеткізу болып табылады.

**Материалдар.** Зерттеу барысында қолданыс тапқан барлық дереккөздерді мазмұндық сипатына орай

төрт топқа бөліп қарастырамыз. Бұл ретте архив қорларының материалдары үлкен зерттеу базасын құрайды. Архив құжаттары өзінің деректік түпнұсқалығымен ерекшеленеді. Архив материалдарының мәліметтерін деректанулық сараптаудан өткізіп, сыни көзқарас негізінде пайдалануға талпындық. Архивтік деректер Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚРО ММ), Қазақстан Республикасы Президент-тік мұрағаты (ҚР ПМ) және Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінің (БҚО ММ) материал-дарынан алынды.

Екінші топқа соғыс туралы құжаттар жинақтары мен арнайы еңбектер жатады. Олардың қатарында Батыс Қазақстандағы тыл жұмыстарының өнімділігі мен көлемін арттыруға бағытталған үкіметтік қаулылар мен шешімдерді қамтитын құжаттарды ерекше атауға болады. Құжаттардың мағынасына дәйекті тоқталар болсақ, жергілікті партия ұйымдарының отырыстары қабылдаған шешімдер, ұжымшарлар мен МТС-ның жиналастарының есептері мен қаулылары, әскери органдардың мобилизациялық процесстер бойынша есептері, зауыт-фабрика, цех жұмыстарының өнімділігін көрсететін статистикалық мәліметтер, аурухана, дүкен, теміржол салаларының қызметінің ахуалын баяндайтын ведомствоаралық жиналыстардың хаттамалары және т.б. әлеуметтік-шаруашылық мәселелер қамтылған.

Келесі топты мерзімді баспасөз беттері айқандайды. Майдан даласындағы ұрыстар және тылдағы еңбеккерлердің ерліктері мен табыстарын қоғамға жеткізу міндетін атқарған бүкілодақтық және республикалық «Правда», «Приуральская правда», «Социалистік Қазақстан» газет-журналдарының ақпараттары қарастырылды. Сонымен қатар, аймақтық деңгейдегі мерзімді баспасөз құралдарының жарияланымдары да зерттеу барысында сараланды.

**Әдістеме.** Зерттеу жұмысын іске асыруда тәуелсіздік жылдары жарыққа шыққан отандық тарих ғылымының іргелі еңбектері мен жарияланымдары кең пайдалануға ие болды. Бірінші кезекте ол еңбектердің теориялық-әдіснамалық тұрғыда ешқандай да ғылыми тұжырым мен ұстанымның аясында жазылмаған-дығын атап өту қажет. Тәуелсіздік жылдары жарияланған тарихи жұмыстардың пайымдаулары мен көзқарастық бағыттары шынайылықты ұстанған. Яғни, тарихтың ашылмаған беттеріне үңілу. Осы мақсатта, өркениеттік тұжырым мен пәнаралық теориялық әдістер зерттеулерге басым тартылды. Бұның нәтижесінде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тыл еңбеккерлерінің оның ішінде әйелдердің әлеуметтік-психологиялық ахуалы мен тұрмыстық қиыншылықтарын зерттеу шаралары ұлғайды. Әсіресе, күнделікті өмір аспектілерін зерттеу мен талқылаудың мәні көрініс тапты. Мақаланың әдіснамалық негізін тарихилық, шынайылық, салыстырмалы-талдау, типология, кезеңдеу, дедукция, индукция, тарихи жүйелеу, ретроспективті талдау әдістері құрайды.

**Талқылау.** Соғыс жылдарындағы Батыс Қазақстан аймағының тұрғындарының күнделікті өмір тарихының қырларын талдау мен белгілі бір пайымға қол жеткізуде бірінші кезекте дереккөздердің сипаты мен мағынасын саралау аса маңызды. Өйткені, әйелдердің күнделікті өмір тіршілігінен хабар беретін арнайы жинақтар мен еңбектер болмағанымен, оның аспектілерін ішінара қамтитын құжаттар мен зерттеу материалдарының ортада бар екендігі белгілі.

Жалпы Ұлы Отан соғысының тарихнамасының зерттеу және идеологиялық бағыттарын зерделей отырып оны екі кезеңге бөлуге болады: 1. Кеңестік. 2. Посткеңестік. Кеңестік кезеңде мәселені зерттеу бойынша үлкен қадам жасалынған болатын. Көлемді зерттеу жинақтары, ұжымдық монографиялар мен құрастырылымдар, естеліктер мен заманхаттар және т.б. дүниелер жарық көрді. Яғни, Ұлы Отан соғысының тарихын зерттеудің ғылыми негізі қаланған болатын. Бірақ, аталған зерттеу еңбектерінің басым дені идеологиялық шеңбер тұрғысынан қарастырылуымен ерекшеленеді. Оларда біржақты көзқарас пен ұстаным сипаты көрініс тапты. Кеңестік цензура зерттеушілерге архивтік құжаттармен жұмыс жасауға мүмкіндік аспады. Соғыс жылдарына қатысты маңызды әскери-әкімшілік құжаттар сақталған қорлар құпияландырылып, қолжетімділіктен алынып тасталды. Осыған байланысты, соғыс кезіндегі тыл еңбеккерлерінің шынайы өмірінің аспектілерін жан-жақты айшықтайтын зерттеу еңбектері көпшілікке ұсынылмады. Дегенмен бұған қарамастан соғыс барысында тылда қызмет еткен адамдардың әлеуметтік-шаруашылық салалардағы ахуалдарын жан-жақты баяндайтын дәйекті ғылыми дүниелер жарық көргендігін атап өту қажет.

Екінші посткеңестік кезеңдегі тарихнаманың бағытына қайта пайымдау, басқа қырынын бағалау, өзіндік пікірін айқын таныту құбылыстары тән болып табылады. Аталған бағыттың аясында ғылыми ортада жаңа түсініктің қалыптасу процессі орын алды. Зерттеушілер үшін, құпияландырылған архив қорларының құжаттарымен жұмыс істеуге жол ашылды. Кеңестік кезеңде қалыптасқан бірқатар тарихи тұжырымдар мен ұстанымдар жоққа шығарылды. Қазіргі таңда ҰОС соғысына қатысты көпшіліктің санасындағы екіұшты күрес «аңыз және ақиқат» құбылыстарын ажыратумен жүріп жатыр деп бағалауға болады. Посткеңестік кезеңдегі тақырыпқа қатысты зерттеулердің көлемі алдыңғы дәуірмен салыстыр-

ғанда көлемді емес. Бірақ, мәселенің түбірін анықтауға септігін тигізетін зерттеулер тобының қалыптасқандығын айқындаймыз. Кеңестік дәуірде осы тақырыпқа арналған зерттеулердің авторлары қызметін тәуелсіздік кезеңінде де жалғастыруда.

Соғыс жылдарының өзінде қазақстандықтардың майдан даласы мен тылдағы ерліктері мен жетістіктерін айқындайтын ғылыми жинақтар мен еңбектер жариялана бастады. Оның ішінде мерзімді баспасөз беттеріндегі апталық немесе күнделікті хабарларды қосуға болады. Сонымен қатар, Қазақстан КП ОК үгіт-насихат бөлімінің қызметкерлері мен ғылым өкілдері 1943 жылы бірлесіп шығарған құжаттар жинағында Қазақстанның соғыс кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық өмірінің тыныс-тіршілігінен жан-жақты мәліметтер топтастырылған [1]. 1964-1967 жылдары аралығында Ұлы Отан соғысы тарихына арналған екі томдық еңбекте қазақстандықтардың жауынгерлік ерлік істері, тыл жұмысшыларының жігерлі іс-әрекеттері, ел өнеркәсібінің майдан мүддесіне сай ұйымдастырылуы және соғыс тарихының зардаптарына қатысты тыңғылықты ойлар келтірілген [2].

Қазақ КСР-ң 1940-1950 жылдардағы ауыл және халық шаруашылығы тарихына арналған еңбектер тобында аграрлық саясатты жүзеге асырудағы әйелдердің белсенділігі мен рөлі жіті ашып көрсетілген. Т.Б. Балақаев өз зерттеуінде кеңшарларда жұмыс істеуші әйелдердің түрлі еңбек салаларындағы ерліктері мен табыстарына айқын көз жүгіртсе [3], Б.А. Төлепбаев Қазақстанның ірі шаруашылық және астық базасына айналуының мүмкіндіктері мен перспективаларына жан-жақты талдау жасаған. Оның ішінде, кемелденген социализм кезіндегі коммунистік партияның аграрлық саясатын көрсетіп, соғыстан кейінгі жылдары ауыл шаруашылығында күрделі ерлер мамандықтарын игерген әйелдер қызметін сипаттаған [4].

Соғыс кезіндегі республика тарихын зер сала зерттеп, алғаш көлемді монографияларды жазған ғалымдар – Ғ. Әбішев [5] және М.Қ. Қозыбаевтар болды. Тарихшы-ғалымдардың зерттеулерінде Ұлы Отан соғысы кезіндегі Қазақстан халқының майдан мен тылдағы жеңіске қосқан үлестеріне лайықты баға беріліп, «Қазақстан-майдан арсеналы» деген қорытынды жасалды. Дегенмен, еңбектердің коммунистік идеология тұрғысынан жазылғандығы айқын көрінеді [6].

1965 жылы жарық көрген тарихшы В.Я. Басиннің еңбегінде соғыс жылдарындағы ауыр өнеркәсіп салаларының қызметі жан-жақты талданып, кең көлемде қарастырылды [7]. Еңбекте Батыс Қазақстан өңіріне эвакуацияланған Мәскеу рентген заводы, 1943 жылы іске қосылған Ақтөбе феррокорытпа заводы мен Гурьевтегі мұнай өңдеу заводтарының қызметтері жалпылама баяндалды.

Тарихшы-ғалым Т.З. Рысбеков «Советы Казахстана» деген монографиясында кеңес органдарындағы әйелдерді қоғамдық-шаруашылық қызметтерге тарту мәселесін ішінара қарастыра отырып, кеңестер және басқа қоғамдық ұйымдар қызметі әлеуметтік салада шектелді, бұл жағдай ауыл-селоардағы әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шешілуінде қарама-қайшылық туғызды деген ой-қорытындыға келген [8]. Ауыл-село әйелдерінің еңбек және әлеуметтік, саяси белсенділіктерін көтерудегі кеңес өкіметінің жүргізген шараларына өзіндік пайымдаулар жасалған.

**Нәтижелер.** Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап-ақ Фашистік Германия КСРО-ның маңызды экономикалық өңірлері болып саналатын Украина, Прибалтика, Белоруссия, Молдова мен Ресейдің бір бөлігін басып алды. Соның салдарынан Кеңестік басшылық жауға қарсы табанды қарсылық көрсету үшін елдің барлық күш-қуатын біртұтас әскери лагерге айналдыруға ұмтылды. Әсіресе тылдағы экономиканы соғыс жағдайына лайықтап қайта құруды ең басты мәселеге айналдырды. Өйткені майданға негізінен халықтың ең жас, еңбекке қабілетті бөлігі кеткендіктен 1941 жылдың маусым айынан жылдың соңына дейін халық шаруашылығында жұмыс жасағандардың саны 31,8 миллионнан 22,8 миллион адамға дейін азайып кетеді де, тылдағы жұмыс күшіне орасан зор тапшылық туындады [8, с.108].

Өз кезегінде бұл мәселені өз уақытымен шешу қажет болды, өйткені ол КСРО-ның экономикасын күйретіп жіберуі әбден мүмкін еді. Сондықтан Кеңес басшылығы ерлердің басым бөлігі майданға кетіп, тылда негізінен әйелдер қауымы қалатындықтан экономиканы қайта құрудағы басты рөлді осы әйелдер атқаратынын соғыс басталған күннен-ақ жақсы түсінді. Оны соғыстың алғашқы күні 22 маусымда КСРО Сыртқы істер ХКК Төрағасының орынбасары В.М. Молотовтың радио арқылы таратқан мәлімдемесіндегі «еліміздің барша халқы, соның ішінде әйелдер Қызыл Армия мен флоттың және авиацияның барлық мұқтажын қамтамасыз ету үшін өз еңбектеріне ерекше саналылықпен қарайды» деген сөздері тылдағы экономиканы жасақтаудағы бүкіл ауыртпалықты тікелей әйелдер көтеретінін меңзегеннен көруге болады [9].

Арадан көп уақыт өтпей-ақ В.М. Молотовтың мәлімдемесінің негізінде Кеңес Одағының басты ақпарат көзі саналған «Правда» газетінің 1941 жылдың 29 маусымдағы санында: «Елімізде әйелдер 200 миллионнан астам болып, олар халқымыздың жартысын құрайды, Отан соғысында әрбір отансүйгіш әйелдің өз күшіне лайықты іс табуы жоспарлы түрде ұйымдастырылуы тиіс, ондай істер үшін

мүмкіндіктер мол», - деп әйелдердің соғысқа бейімделген экономикадағы міндеттері мен мақсаттарын осылай көрсетіп берді, 1941 жылдың 6 қарашасында Қазан төңкерісінің 24 жылдығына арналған салтанатты жиында КСРО басшысы И.В. Сталин, - «...Біздің жұмысшыларымыз бен қызметкерлеріміз, ерлер мен әйелдер кәсіпорындарда бел шешпестен жұмыс жасаулары қажет, майданға танктер, танкке қарсы атқыштар мен қару – жарақтар түрлерін, ұшақтар, минометтер, пулеметтер, винтовкалар, оқтарды анағұрлым көбірек берулері қажет. Біздің колхозшылар, ерлер мен әйелдер егін далаларында екпінді еңбек етіп, майдан мен кәсіпорындарды шикізатпен, астықпен, ет өнімдерімен қамтамасыз етулері тиіс», - деп КСРО-ның біріншісі басшысы ретінде түпкілікті түрде өз нұсқауын береді [10, с. 35].

КСРО басшысы И.В. Сталиннің осындай нұсқауын негізге алған Кеңес үкіметі елдің экономикасын соғыс жағдайына негіздеп қайта құруда мәлімдемелер таратып, өз нұсқауларын берумен шектеліп қана қойған жоқ, сонымен қатар, азамат соғысы мен 20-30 жылдары қолданылған қатал әдістерді одан әрі кеңінен қолданысқа енгізіп, тылдағы еңбекшілерге жұмыстан жалтарғандары үшін төтенше шараларды қолдануға көшеді. Атап айтқанда, 1941 жылдың 26 маусымында «Жұмысшылар мен қызметкерлердің соғыс кезіндегі жұмыс уақытының тәртібі туралы» және сол жылдың 26 желтоқсанында «Әскери өнеркәсіп кәсіпорындары жұмысшылары мен қызметкерлерінің кәсіпорындарды өз еріктерімен тастап кеткендері үшін жауапкершіліктері туралы» КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының жарлықтары қабылданып, еңбек демалыстары мен демалыс күндері доғарылып, қосымша жұмыстар енгізіледі. Осындай қатал заңдардың кейін жаппай еңбек мобилизациясы күшіне еніп, кәсіпорындарды өз еріктерімен тастап кеткендер қатал қылмыстық жауапкершіліктерге тартылды. Колхоздар мен совхоздарда, өнеркәсіп орындары мен теміржол салаларында саяси бөлімдер қалпына келтірілді.

Жоғары Кеңесі Президиумының «Соғыс кезеңінде еңбекке қабілетті тұрғындарды өндіріс пен құрылыста жұмысқа жұмылдыру туралы» Жарлығына сәйкес 16 мен 45 жас аралығындағы қыз-келіншектердің барлығы міндетті еңбекке жұмылдыруға жатты, одан себепсіз бас тартқандар арнайы жауапкершілікке тартылды. Ал 1942 жылдың қыркүйек айынан бастап, еңбекке жұмылдырылған қыз-келіншектердің жасы 50 жасқа дейін көтеріліп, жұмыстан жалтарушыларды еңбекпен түзету жұмыстарына жіберілді [11, с. 68-70.]. Осылайша соғыс жағдайы Кеңес басшылығына барлық саяси көпшілік жұмыстарды түбегейлі өзгертуге және қатал тәртіп орнатуға итермеледі. Жасап жатқан жанқиярлық еңбегінің жауды жеңуде зор көмек екендігін жақсы түсінген Кеңес әйелдерінің басым көпшілігі мұны оң қабылдап, 1941 жылдың маусым айынан бастап күндіз түні тынбастан жұмыстарды жасады. Уақытымен ас ішпей, демалыс дегенді мүлдем ұмытқан әйелдер ерлерінің, қыздары мен қарындастары станоктардағы әке, ағаларын ауыстырды.

1941 жылы 29 маусымда партия мен кеңес ұйымдарына және бүкіл халыққа арнайы Директива қабылдаған БКП (б) ОК мен КСРО ХКК «немқұрайлық пен жалқаулықты толықтай жою қажет, біздің барлық ұйымдарымызды және халықтың барлық қуатын жауды күйретуге жұмылдыруымыз қажет» деген ұран тастайды. Осы ұранның аясында тұтас кеңес халқы, соның ішінде Батыс Қазақстан еңбекшілерінің ұжымдары да көптеген митингілер ұйымдастырып, үкіметтің қандай да болса тапсырмаларын орындауға әрқашанда дайын екендігін білдіріп, «өздерінің қаһарлы дауысын барлық Кеңес халқының дауысына қосады». Әсіресе оған ерекше үн қосқан Орал облысындағы колхозшы әйелдері: «Енді, бізге, әйелдерге бұрынғыдан да көп, бұрынғыдан да жақсы жұмыс жасау қажет», - деп мәлімдеме таратады [12]. Осындай үндеулердің негізінде Ұлы Отан соғысының алғашқы күні-ақ Батыс Қазақстан облысының аудандық партия комитеттерінің барлық активтері жиналып майданға көмектесу үшін тылдағы еңбекті шебер ұйымдастыру мақсатында штабтар жасақтайды. Олардың күшімен кезінде тек бейбіт мақсатқа бейімделген тылдағы экономика соғыстың мүддесіне сай қайта құрылады. Батыс Қазақстандағы шаруашылық қатынастары да осы үрдістің жүйесіне толығымен енгізіліп, ал облыстағы қыз-келіншектер соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ өнеркәсіптік және түрлі шаруашылық міндеттерді абыроймен орындап, қажырлы да жанкешті еңбектерімен майданға жан-жақты көмек көрсетуге ұмтылды.

Облыс басшыларының жоғарыға жіберген мәлімдемелерінде өндіріс орындары «ең бірінші кезекте әйелдермен толығуда» екендігін үнемі атап тұрған. Солардың күшімен 1941 жылдың маусым-шілде айларында-ақ майдандағы әскерге азық-түлік өнімдерін шығару үшін облыс аудандарындағы өндіріс комбинаттарының 7-і жаңадан және 4-і қайтадан құрылып, ол өндіріс орындарында тіпті кейін 7 шұжық, 3 сабын қайнату, 5 столяр, 7 темекі фабрикасы, 8 булочка-кондитерлік, 3 киім және аяқ-киім тігетін орындары сияқты жаңа цехтар ашылып өз өнімдерін берген. Сол жылы әйелдердің күшімен облыс 37 тонна шұжық, 868 гектолитр алкогольсыз сусындар, 12 центнер шаруашылық сабының өндіреді. Осы өнімдерді беруде әйелдердің ұжымдары 1941 жылдың маусымнан бастап-ақ жұмыс күндерін күнделікті уақыттан 2-3 сағатқа өсіріп қана қоймай, демалыс күндері мен қосымша ауысымда да жұмыс жасауға көшеді.

Еркектерге тән жұмыстарға араласқан облыс әйелдері соғыс басталған бойда арба жасайтын өндірісті жолға қоюдан бастап, жылдың аяғына дейін 216 фургон және 269 шана шығарады. Облыстағы қыз-келіншектер 1941 жылы жиһаз жасайтын фабриканың ішінен шырпы жасайтын цехты да іске қосады [13].

Орал мия зауытының емдік сығынды цехының әйелдер ұжымы да өте қарқынды жұмыстар атқарады. «Отан ана қанша сұраса, сонша өнім беру керек» деген ұранның аясында ортақ мақсатқа жұмыс жасаған бұл цехтың әйел жұмысшылары күннен күнге өнімділікті арттыру арқылы жоспарды артығымен орындап, сегіз айға белгіленген жоспарды 112 пайызға жеткізіп тастаған. Алайда әйелдердің күш-қуатын барынша пайдаланғысы келген басшылық бұл табысты азсынып, тамыз айында жоспарды тағы да 17 пайызға көбейтеді. Басшылықтың асыра сілтеуіне мойынсұмаған әйелдер жоспарды тағы да артығымен жүзеге асырған. Мәселен, И. Козлова күндізгі жоспар бойынша орындайтын мөлшерді 150 пайызға дейін жеткізсе, А.Косарева болса басқа комсомолдарды ұйымдастырып шығарылып жатқан өнімдердің сапасына деген бақылауды күшейтуге, өндірісті жылдамдатуға күш. Бұл зауыттағы жұмыстың бәрі әйелдердің күшімен атқарылғаны соншалықты ерлердің Қызыл Армия қатарына кеткендіктен агрегаттардың бәрін әйелдер жүргізген. Тіпті әйелдер екі ауысымда да жұмыс істеп, оны табысты атқарған. Жүйелі түрде жоспарды артығымен орындауда ерекше табандылық танытқан Е.Рытова, Т.Елисеева, А.Маслова және тағы басқалары жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген. Әсіресе күйеуі соғысқа кеткендіктен оның орнына вакуум аппаратының ауа сорғыш машинисі қызметін атқаратын А.Маслова және вакуумшы Кузнецова арнайы техникалық білімдері жоқ болса да вакуум-сорғышқа, сальниктерды тығындау, белдіктерді тігу және тағы басқа аппараттарға жөндеу жұмыстарын жүргізген. Бұдан басқа зауыттағы әйелдер өндірісті дұрыс жолға қою арқылы энергия шығынын азайтуға қол жеткізген. Егер шілдеде сығынды өнімдерін шығаруға 223 сағат жұмсаса, тамызда одан көп өнімді дайындауға 144 машина сағат жұмсаған. Зауытта қорғаныс жұмыстары да жақсы жолға қойылып, барлық әйелдер әуе шабуылына қарсы қорғаныс нормаларын тапсырған [14].

Отан соғысының қажеттілігі үшін тылдағы шаруашылықтың барлық салаларын әйелдердің күшімен бейімдеп қайта құрған бастауыш партия, комсомол ұйымдары Батыс Қазақстан облысының аумағына жау басып алған аудандардан көшірілген өндіріс орындарына басты назар аударған. Оларды орналастыру және іске қосуда тікелей әйелдердің күшін пайдаланған. Әсіресе Орал қаласына көшірілген Усмань механикалық зауытын қалпына келтіруде амалдың жоқтығынан әйелдер атқарған [15, 126-127 pp.]. 1941 жылы қыркүйек айының басында облысқа көшіріліп, жергілікті «Красный Октябрь» фабрикасына қосылған Киевтің жүн басу фабрикасына да астық дайындау мекемесінің №47, 48,49 ыдыс базасының ғимараттары мен №41, 42, 43, 44, 45 қоймалары бөлінген [16, 333 p.]. Фабрикада жұмыс істейтін әрбір әйел коммунист пен комсомолдың алдына күнделікті өнім өндіру нормасын беруге және ауысым сайын 2-3 норманы жүзеге асыру тапсырылған кезде майданға жылы киім тігетін цехтың жұмысшы әйелдері Жукова, Нұғманова, Четверова, Пиунова, Березняк, Құлықова, Лещева және Ахмеджанова майданның тапсырысын артығымен орындау үшін өзара социалистік жарысқа түсіп, өз міндеттерін орындап шығады [17, 1-3 pp.]. Бейбіт күндері көркем тігінді мен тоқыма өнімдерін шығарып келген Орал қаласындағы «8 март» атындағы артельде соғыс басталысымен өнімдерін майданның мүддесіне сай бейімдеп, жауынгер-лерге арнап түрлі әскери киімдер тігуге көшкен болатын. Мұнда да жұмыс қызу жүргені соншалықты осы артельдің мүшелері Назарова, Родина, Павленко, Павлова, Тюлкина, Шиногиналар деген тігіншілер бекітілген нормаларды 200 пайыздан асырып тастаған [18].

Майданға шақырылған ерлердің, соның ішінде әке мен күйеулерінің, ағалары мен інілерінің орнын басып, ерлерге ғана тән мамандықтарды меңгеру кеңестік қыз-келіншектердің дәстүрлеріне айналды. Орал қаласында орналасқан В.М. Молотов атындағы заводта жұмыс істейтін әйел жұмысшыларының жиналысы болып, заводтың партбюросының хатшысы Шестакова соғыс кезіндегі әйелдердің міндеттері туралы баяндама жасайды. «Біздің елде әйелдердің - деді Шестакова, - алатын орны ерекше. Әйелдер социалистік құрылыс құру ісіне белсенді түрде қатынасты. Өндіріс кәсібі мен ауыл шаруашылығында еткен данқты еңбектері үшін Кеңес Одағының ордендері мен медалдарын алған. Герман фашистері өзінің өлер шағына жеткенін біліп, жер басып жүруіне мүмкіншілігі қалмағанын сезіп кеңес еліне тап берді. Фашист төбеттерінің шабуылына қарсы кеңес елінің құралған күші сап түзеп майданға шықты. Көп ұлтты кеңес халқы отан соғысына аттанды. Еліміз соғыс халында отырғанда әйелдерге ардақты міндет жүктелді. Әйелдер өндірістің барлық техникасын игеруге, әскерге баратындардың орнын толықтыруға тиіс». Сонымен қатар жиналыста Решетника шығып былай дейді: «Отан соғысының кезінде майдан мен тылдағы міндеттің арасында айырма болмайды. Біздер - әйелдер бұны жақсы білеміз.. Менің ерім осы өндірісте жұмыс істеп жүріп кезекті шақырумен әскерге кетті. Ол отанды қасық қаны қалғанша қорғаймын деп аттанды. Мен социалистік революцияның әйелдерге алып берген алтын құқығына

ешқандай шек келтірмеу үшін қызмет атқарамын. Шофер мамандығын үйрендім». Одан кейін сөз алған Маслова мен Кузнецовада қазіргі білетін мамандықтарына қоса машинистка болып шығамыз деп уәделерін береді [19].

«Красный Октябрь» фабрикасында жұмыс істейтін механик Мошкин Қызыл әскердің қатарына алынған соң фабриканың кеңсесінде қызмет атқаратын оның әйелі Анастасия Мошкина «өндірісте қолдап жұмыс жасаймын, адам жетпей жатқанда цифр тізіп, есеп шот соғып конторда отыруды орынсыз деп санаймын» деп өз еркімен фабриканың цехына ауысуға өтініш береді. Өтініші қабылданған соң ол берілген жоспарды 120 пайызға жеткізген. Мұнымен қатар фабрикада Крайнена, Гутереда деген әйелдер слесарлықты игерсе, Қиязова электромонтрлікті үйреніп, ер адамдардың мамандығын атқарған [20]. Ауылдық жерлерде әйелдер механизатор мамандар қатарын толықтырудың бірден – бір көзі болды. 1941 жылдың 13 тамызында «Правда» газеті бас мақаласында, - «кеңес әйелдерінің трактор, комбайн, автомобиль жүргізушілері болуларына толық қолдау көрсетуге», - шақырды. КСРО-ның атақты тракторист әйелдері П.Ангелина, П.Ковардак, А.Кирюшина және т.б. «Әйелдер – машина тізгінін ұстандар» ұраны колхозшы әйелдерге зор ықпал жасады. Олар отан үшін пайдалы, әрі күрделі салалардың бірі машина-механизмді игеруді басты міндет ретінде санады және әйелдердің отансүйгіштік қозғалыстары «Әйелі ерінің орнына, қарындасы ағасының орнына» ұранның негізінде дамып, өздеріне тән емес ер адам кәсіптерін атқару арқылы нағыз еңбек ерлеріне айналды. Мәселен, Казталовка ауданында МТС-та 1941 жылы 75 тракторшының 50-і әйел, 42 комбайншының 36-сі әйелді құраса, сол МТС-тің жанынан ашылған курста оқып жатқан 50 адамның 45-і әйел болған [22].

Жәнібек ауданының колхоздарында да көптеген әйелдер тракторист мамандығына даярланып, 20 колхоздың жанынан 223 жас әйелдер мен қыздар колхоз өндірісінен қол үзбестен трактордың оқуын оқыған. Осы мақсатпен «Ленин жолы» совхозында 25 қыз-келіншек тракторды жылдамдатылған әдіспен үйренген. Тракторды жақсы меңгеріп жатқандардың ішінде Шабарова, Байдақова, Қайрошова және тағы басқалары тракторды игеріп қана қоймай соғыс өнеріне де аса көңіл қойған [23]. «Ленин жолынан» басқа «Ұмтыл», «Коминтерн», «Крупская», «Сталин» атындағы совхоздар мен колхоздарда жас әйел, қыздардан 42 адам өндірістен қол үзбей жүріп, трактор курстарында оқып, тракторшы болып шықты. Бұлардың ішінде, «Ұмтыл» колхозынан Шугунова, Төпешева, Шурзина, «Крупская» колхоздан Есентаева, Қойшекенова, Киресова оқуды «өте жақсы», «жақсы» деген бағамен тапсырған. Сондай-ақ, МТС жанынан комбайншылар даярлайтын қысқа мерзімді курс ашылып, онда жас әйел, қыздардан 20 адам оқып, бұларда курсты бітіріп, колхоздарға комбайншы және комбайншының жәрдемшісі қызметтерін атқарады. Мұнда да Айдыналиева, Камарова және Алымсақова сияқты қыздар оқуға көңіл қойғандар қатарынан табылған [24].

Ал Бөрілі ауданында егінді жинау кезінде және күзгі далалық жұмысты еркектердің орнын толығымен әйелдер алмастырған. Атап айтқанда Бөрілі МТС-тың аға механигі Скобелкин майданға кетісімен оның орнына әйелі комбайнға отырып, өзі сияқты басқа да комбайншы әйелдермен бірге 845 гектар бидайды жинаған. Валентина Друз деген әйел ағасы соғысқа кетісімен механизаторлар дайындайтын курсты аяқтаған бойда комбайнға отырып 400 гектар бидайды орып алады. Бұдан басқа Бөрілі кеңшарларында Надежда Калашникова мен Анна Котельникова комбайндарымен әрқайсысы 300-ден аса гектар бидайды орған. Бұдан басқа күйеулері майданға кеткен соң оның әйелдері Голованова, Багайдина, Фиклистова, Маданова, Качасова және тағы басқалары комбайндар мен тракторларға отырған. Жалпы алғанда мемлекеттік жоспарды орындау үшін ауданда 53 комбайншы және 103 тракторшы әйел дайындықтан өткен. Ленин және Чапаев атындағы ұжымшардың төрағалары да басым бөлігі қыздар болып табылатын жастардың арасынан ең үздік деген колхозшыларды таңдап механизаторлары курсына жіберген.

Дегенмен егінді уақытында жинап алуды ойламай механизаторлар курсына жастарды жібермеген колхоздарда болған. Мәселен Буденный колхозында тіпті қыз-келіншектер күшінің өзі жетіспегендіктен егінді жинап алу ұзаққа созылғандықтан механизаторлық курсқа ешкімді жібере алмаған [25]. Бұдан басқа 1941 жылы соғыс басталып еркектердің көпшілігі майданға кеткендіктен колхоздағы әйелдер олардың орнын басып ешқандай оқусыз комбайн, тракторларды жүргізушілер де табылған. Мәселен, «Красный Урал» колхозында Москаленко Антонина өз бетімен трактор жүргізуді үйренсе, Сумцова, Смолина және Глоба өз еріктерімен комбайншілердің қатарын толықтырған. Шыңғырлау ауданындағы Сұлукөл МТС-ғы тракторшылар дайындайтын курста да 75 адам оқыса, оның 57-сі әйелдер құраған. Солардың ішінде Гулсова, Төлөпбергенова деген қыздар оқуда үздік көрсеткіштер көрсеткен [26]. Сондықтан, үрдісті жалпы талдау барысында ерекше «әйелдер» қиындықтары мен мәселелерін де ескеру қажет. Мысалы, соғыс кезінде көптеген тракторист әйелдер отбасының жалғыз асыраушысы еді, яғни олардың

камқорлығында қарттар мен жас балалар болды. Олардың көпшілігіне оқуға уақыт табу қиын болды. Әйелдерді механизатор мамандығына оқытудың қиындықтарына бірқатар тарихшылар назар аударды. Ю.В. Арутюнян өз монографиясында былайша жазды, - «Әйелдер арасынан ауылшаруашылығына қажетті білікті мамандар даярлау ісінде бірқатар қиындықтар болды. Оқыту колхозда, МТС-та емес арнайы мектептерде жүрді. Ерлері әскер қатарына шақырылып, отбасының бар жүгі өз мойындарына түскен әйелдер үшін, аз уақытқа болса да, балаларынан жырақтап кету, әрине қиынға соқты» [27, с.112.].

Соғыс жылдарында эпидемиялық аурулардың көбеюіне, сонымен қатар санитарлық жағдайлардың сақталмауымен бірге, неміс әскерлері тылдағы халықты әлсірету мақсатында әр түрлі медициналық қитұрқы әрекеттерді ойластырған. Қылмыскерлер денсаулыққа зиянды қауіпті эпидемияларды жасанды жолмен таратқан [28, 30 п.]. Соғыс жылдарында Батыс Қазақстан халқы туындаған әлеуметтік-тұрмыстық қиындықтарға мойымай, ежелден қанына берілген төзімділігімен ел басына түскен ауыртпалықтарды бірдей көтеріп, денсаулық сақтау, білім беру мен мәдениет саласында майдан мен жеңіс мүддесі үшін аянбай қызмет атқарған. Сонымен қатар қорғаныс қоры және т.б. мемлекет тарапынан ұйымдастырылған майданға көмек беру қорларына, Қызыл Армия отбасыларына, азат етілген аудандарды өз қамқорлықтарына алып, оларға қаржылай-зағтай, рухани жағынан көмектерін беріп отырды.

**Қорытынды.** Қорыта айтқанда, Ұлы Отан соғысы жылдарында әйелдер ер адамдарға тән ауыр кәсіптерді игеру арқылы еңбектегі ерліктерінің жарқын беттерін жасақтады. Батыс Қазақстан облысындағы әйелдердің Ұлы Отан соғысы жылдарында жасаған еңбектерінің жоғары көрсеткіштерге жетуінің ең басты себебі соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ оларда отансүйгіштік сезімдері зор сипат алды. Бұл, бір жағынан өз отбасы мен Отанын қорғауға деген ғасырлық сезімдерінің куәсі болса, екінші жағынан кеңес билігі жылдарындағы жүргізілген идеологиялық жұмыстардың нәтижесінен туындады. Сондықтан, Кеңес елінде тарихта бұрын – сонды болмаған көлемде әйелдерді еңбекке тарту үрдісі басталды. Жалпы алғанда, әйелдерді қоғамдық өндіріске жаппай тарту үрдісі көлемі жағынан да, құрылымы жағынан да өте күрделі сатылардан тұрды. Оның ішінде, еңбекші әйелдердің отансүйгіштік қозғалыстары да, қоғамдық ұйымдар тарапынан қолдау да, зорлап еңбекке жұмылдыру да, қатал жұмыс тәртібі де, мақсатты бағытталған идеологиялық жұмыс та, жұмыстас құрбыларының арасындағы жарыстар да кірді. Әйелдер соғыс кезінде өздерін лайықты көрсете білді, өздерінің қаншалықты істерге қабілетті екендіктерін айқын дәлелдеді.

ҰОС жылдары тылда еңбек еткен қазақстандық әйелдердің еңбегіне тарихи бағасын берудің жұмыстары жан-жақты қолға алынуда. Оны қазіргі мемлекеттік деңгейдегі түрлі қолдаулардың барысынан көз жеткізуге болады. Ал, оның ғылыми бағасын айқындау мен оның нәтижелерін өскелең ұрпақтың санасына сіңдіру шаралары нақты жүзеге асуы тиіс деп есептейміз.

Себебі, ҰОС туралы тарихи жадының сақталуы жылдан-жылға ұрпақ санасынан ажырап келе жатқандығы анық. Оған жол бермеудің бірден-бір дұрыс бағыттарының бірі ол қанды соғыс туралы шынайы әрі тың пайымдаудағы еңбектердің жариялануы екендігі күмәнсіз.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. *Казахстан в первый год Отечественной войны против немецко-фашистских захватчиков / [сост. : И. Бровер ; редкол.: Абдыкалыков М. (отв. ред.) и другие]. – Алма-Ата : КазОГИЗ, 1943. – 245*
2. *История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Под редакцией М. Абдыкалыкова и А. Панкратовой. – Алматы: КазОГИЗ, 1943. – 660 с.; История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Второе издание, исправленное и дополненное. Т.1. Под общей редакцией И.О. Омарова и А.М. Панкратовой. – Алма-Ата: КазОГИЗ, 1949. Т.2.*
3. *Балакаев Т.Б. Колхозное крестьянство Казахстана в годы Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. – Алма-Ата: Наука, 1971. – 351 с.;*
4. *Тулепбаев Б.А. Социалистические аграрные преобразования в Средней Азии и Казахстане. – Москва: Наука, 1984. – 270 с.*
5. *Абишев Г. Казахстан в Великой Отечественной войне 1941-1945. – Алма-Ата: Казахское государственное издательство, 1958. – 362 с*
6. *Козыбаев М. Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.). – Алма-Ата: Казахстан, 1964. – 363 с.*
7. *Басин, В.Я. Тяжелая промышленность Казахстана в Великой Отечественной войне [Текст]: ист. очерк / В. Я. Басин, 1965. – 164 с*
8. *Рысбеков Т.З. Советы Казахстана (1938-1986 гг.). – Алма-Ата: Наука, 1988. – 151 с.*



9. Вознесенский Н.А. Военная экономика СССР в период Отечественной войны. – Москва: Госполитиздат, 1948. – 192 с.
10. КСРО ХКК Председательнің орынбасары және Сыртқы істер Халық комиссары В.М. Молотов жолдастың радио арқылы сөйлеген сөзі // Коммунист, 1941. 27 маусым.
11. Сталин И.В. О Великой Отечественной войне Советского Союза. – М., 1947. – 207 с.
12. Коммунистическая партия в Великой Отечественной войне. – Москва: Воениздат, 1958. – 238 с.
13. Үкімет шараларын бір ауыздан жолдады. // Екпінді құрылыс, 1941. – 24 маусым
- 14 Пороскурин П. Усиленно развивать местную промышленность // Приуральская правда, 1942. – 9 января
15. Александров П. В тылу, как на фронте Приуральская правда, 1941. – 5 сентября.
16. БҚОММ, 37-қ., 11-т., 6-іс.
17. БҚОММ, 37-қ., 10-т., 20 іс.
18. БҚОММ, 37-қ., 10-т., 22-іс.
19. Шлионская Е. Будем усиленно работать для фронта // Приуральская правда, 1942. – 16 января.
20. Чапурин М. Патриоткалар қосымша мамандық меңгерді // Екпінді құрылыс, 1941. – 6 шілде.
21. Глебов Н. Патриоткалардың тілегі мен ісі // Екпінді құрылыс, 1941. – 25 шілде.
22. Трякин А. Растут механизаторские кадры // Приуральская правда, 1942. – 23 января.
23. Ерлердің проффессиясын меңгеруде // Екпінді құрылыс, 1941. – 31 тамыз.
24. Бердешев О. Жас әйел, қыздардан тракторшы, комбайыншылар даярланып жатыр // Коммунист, 1941. – 31 шілде.
25. Егоров А. Готовить механизаторские кадры // Приуральская правда, 1942. – 10 января.
26. Лавриненко Я. В интересах фронта // Приуральская правда, 1942. – 1 января.
27. Арутюнян Ю.В. Советское крестьянство в годы Великой Отечественной войны. – Москва: АН СССР, 1963. – 459 с.
28. ҚРОМА. 1473-қор, 1-тізбе, 237-іс

#### References:

1. Kazahstan v pervyyi god Otechestvennoy voyni protiv nemetsko-fashistskih zahvatchikov / [sost. : I.Brover ; redkol.: Abdykalyikov M. (otv. red.) i drugie]. - Alma-Ata : KazOGIZ, 1943. – 245
2. Istoriya Kazahskoy SSR s drevneyshih vremen do nashih dney. Pod redaktsiey M. Abdykalyikova i A.Pankratovoy. – Almatyi: KazOGIZ, 1943. – 660 s.; Istoriya Kazahskoy SSR s drevneyshih vremen do nashih dney. Vtoroe izdanie, ispravlennoe i dopolnennoe. T.1. Pod obschey redaktsiey I.O. Omarova i A.M. Pankratovoy. –Alma-Ata: KazOGIZ, 1949. T.2.
3. Balakaev T.B. Kolhoznoe krestyanstvo Kazahstana v godyi Velikoy Otechestvennoy voyni 1941-1945 gg. – Alma-Ata: Nauka, 1971. – 351 s.;
4. Tulepbaev B.A. Sotsialisticheskie agrarnye preobrazovaniya v Sredney Azii i Kazahstane. – Moskva: Nauka, 1984. – 270 s.
5. Abishev G. Kazahstan v Velikoy Otechestvennoy voyne 1941-1945. Alma-Ata: Kazahskoe gosudarstvennoe izdatelstvo, 1958. 362 s
6. Kozhibaev M. Kompariya Kazahstana v period Velikoy Otechestvennoy voyni (1941-1945 gg.). – Alma-Ata: Kazahstan, 1964. – 363 s.
7. Basin, V.Ya. Tyazhelaya promyshlennost Kazahstana v Velikoy Otechestvennoy voyne [Tekst]: ist. ocherk / V. Ya. Basin, 1965. – 164 s
8. Rysbekov T.Z. Sovetyi Kazahstana (1938-1986 gg.). – Alma-Ata: Nauka, 1988. – 151 s.
9. Voznesenskiy N.A. Voennaya ekonomika SSSR v period Otechestvennoy voyni. - Moskva: Gospolitizdat, 1948. – 192 s.
10. КСРО ХКК Председательнің орынбасары және Сыртқы істер Халық комиссары В.М. Молотов жолдастың радио арқылы сөйлеген сөзі // Коммунист, 1941. 27 маусым.
11. Сталин И.В. О Великой Отечественной войне Советского Союза. – М., 1947. – 207 с.
12. Коммунистическая партия в Великой Отечественной войне. – Москва: Воениздат, 1958. – 238 с.
13. Үкімет шараларын бір ауыздан жолдады. // Екпінді құрылыс, 1941. – 24 маусым
- 14 Пороскурин П. Усиленно развивать местную промышленность // Приуральская правда, 1942. – 9 января
15. Александров П. В тылу, как на фронте Приуральская правда, 1941. – 5 сентября.
16. БҚОММ, 37-қ., 11-т., 6-іс.
17. БҚОММ, 37-қ., 10-т., 20 іс.

18. BQOMM, 37-қ., 10-т., 22-іс.
19. Shlionskaya E. Budem usilenno rabotat dlya fronta // Priuralskaya pravda, 1942. - 16 yanvarya.
20. Chapyrin M. Patriotkalar qosymsha mamandyq meңgeredi // Ekpindi qurylys, 1941. - 6 shilde.
21. Glebov N. Patriotkaldrdyń tilegi men isi // Ekpindi qurylys, 1941. - 25 shilde.
22. Tryakin A. Rastut mehanizatorskie kadryi // Priuralskaya pravda, 1942. - 23 yanvarya.
23. Erlerdiń professuasyn meңgerýde // Ekpindi qurylys, 1941. - 31 tamyz.
24. Berdeshev O. Jas áiel, qyzdardan traktorshy, kombainshylar datarlanyp jatyr // Kommýnist, 1941. - 31 shilde.
25. Egorov A. Gotovit mehanizatorskie kadryi // Priuralskaya pravda, 1942. - 10 yanvarya.
26. Lavrinenko Ya. V interesah fronta // Priuralskaya pravda, 1942. - 1 yanvarya.
27. Arutyunyan Yu.V. Sovetskoe krestyanstvo v godyi Velikoy Otechestvennoy voynyi. – Moskva: AN SSSR, 1963. – 459 s.
28. QROMA. 1473-qor, 1-tizbe, 237-іс

ӘОЖ: 94(574)  
МРНТИ 03.20

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5461.05>

М.Тастанбеков<sup>1</sup>\*, А.Сандыбаева<sup>2</sup>, Л.Динашева<sup>3</sup>

<sup>1</sup>т.ғ.к., доцент, Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейі,  
Түркістан қ., Қазақстан, E-mail - [murat-t@mail.ru](mailto:murat-t@mail.ru)

<sup>2</sup>т.ғ.к., Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті,  
Түркістан қ., Қазақстан, E-mail – [akmaral0067@ayu.edu.kz](mailto:akmaral0067@ayu.edu.kz)

<sup>3</sup> т.ғ.к., Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті,  
Түркістан қ., Қазақстан, E-mail – [dinash\\_lyazzat@mail.ru](mailto:dinash_lyazzat@mail.ru)

## XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Андатпа

Зерттеу жұмысының мақсаты – Ресей империясы кезеңіндегі Түркістан қаласындағы білім беру жүйесінің даму деңгейі мен ерекшеліктерін анықтау болып табылады. Қарастырылып отырған кезеңдегі өзіне тән барлық өзгерістермен аймақтағы халықтық білім берудің жағдайы, мұсылмандық оқу орындарының (мектептер мен медреселердің) құрылымы мен оқу бағдарламаларының мазмұны аймақты отарлауға дейін және отарлық билік жылдарындағы оқу жүйесі Түркістан қаланың мысалында талданады. Зерттеудің маңыздылығы дәстүрлі білім беру жүйесінің сақталу деңгейінің анықталуында, отаршылдық кезеңдегі халық ағарту жүйесіндегі трансформация үдерісінің Түркістан қаласының нақты мысалында қолдану арқылы жаңа әдісті мектептердің маңыздылығы мен аймақтағы халыққа білім берудің жағдайы көрсетілген. Зерттеу нәтижесінде қазақ халқына қатысты білім беру саясаты мәселесі жалпы үкімет тарапынан Түркістан генерал губернаторлығында жасалған кейбір өзгерістерге қарамастан, аймақты жалпы империялық кеңістікке біріктіру әдістерінің бірі ретінде мұсылман мәселесі арқылы қаралғаны дәлелденді.

**Түйін сөздер:** Түркістан, білім беру, мұсылман оқу орындары, мектеп, медресе, училище, жәдидтік.

Бұл зерттеу ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «XIX-шы және XXI-ші ғасырлардағы Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық және мәдени тарихын кешенді зерттеу» (BR10164179) гранттық жобасы аясында жүргізілді.

Тастанбеков М. <sup>1</sup> \* Сандыбаева А. <sup>2</sup>, Л. Динашева <sup>3</sup>

<sup>1</sup>к.и.н., доцент, Государственный историко-культурный музей-заповедник "Әзірет Сұлтан",  
Туркестан, Казахстан, E-mail – [murat-t@mail.ru](mailto:murat-t@mail.ru)

<sup>2</sup>к.и.н., доцент Международного казахско-турецкого университета имени Ахмеда Ясауи,  
Туркестан, Казахстан, E-mail – [akmaral0067@ayu.edu.kz](mailto:akmaral0067@ayu.edu.kz)